



№4 (1755)
18 ақпан
2020 жыл

www.kaznu.kz

facebook.com/KazakhNationalUniversity

vk.com/kazuniversity

instagram.com/KAZNU_FARABI

РУХАНИ МҰРАНЫ НАСИХАТТАУ

Ақордада Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен Абайдың 175 жылдық және Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойларын дайындау және өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссиялардың отырысы өтті.



1150 жыл
Әл-Фарабидің мерейтойы



175 жыл
Абай Құнанбайұлының мерейтойы

Отырысқа қатысушылар Қордай ауданында қайтыс болғандардың отбасыларына көңіл айтты, қалыптасқан жағдайдың тезірек тұрақтануына тілекестік білдірді.

Отырысты ашқан Мемлекеттік хатшы Абайдың 175 жылдығы мен әл-Фарабидің 1150 жылдығын мерекелеудің бастапқы салтанатты рәсімдері Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында өткізілгенін атап өтті.

Ол сондай-ақ, ұлы ойшылдар Абай мен әл-Фарабидің ұлағатты мұраларын зерделей келе, олардың ізгілік идеяларының түпкі негізі елдің бірлігі мен ынтымағымен үндесетініне тағы да көзіміз жетіп отырғанын атап өтті. Абай өзінің «толық адам» тұжырымын мұра етсе, әл-Фараби «бақытқа жету жолында бір-біріне қол ұшын беретін қоғам – қайырымды қоғам» деген өсиетін қалдырды. Абай мен әл-Фараби қалдырған әділеттілік пен қайырымдылықтың өнегелік мұраттары Мемлекет басшысының «Халық үніне құлақ түретін мемлекет» атты осы заманғы тұжырымдамасымен үйлеседі.

Комиссия отырысында Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың халыққа Жолдауы мен «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты

мақаласында жаңа міндеттердің, оның ішінде мерейтойлық іс-шаралардың бағдарлары нақты белгіленгеніне ерекше назар аударылды. Аталған тапсырмалар аясында мемлекеттік комиссиялар мүшелері мен мемлекеттік органдар Абай мен әл-Фарабидің рухани мұраларын насихаттау бойынша зиялы қауым мен отандастарымыздың бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жарияланған пікірлері мен ұсыныстарын ескеруі тиіс.

Отырыста Мәдениет және спорт министрі А.Райымқұлованың, Білім және ғылым министрі А. Аймағамбетовтің, Ақпарат және қоғамдық келісім министрі Д.Абаевтың, Сыртқы істер министрі М.Тілеубердінің, Л.Гумилев атындағы ЕҰУ ректоры Е.Садықовтың, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғ.Мұтановтың есептері тыңдалды.

Жиын соңында орталық және жергілікті атқарушы органдарға мерейтойлық іс-шараларды өткізуде ысырапшылдыққа жол бермеу, оларды жоғары идеялық және нақты құндылықтармен қамтамасыз ету жөнінде тапсырмалар берілді.

Өз тілшімізден

Қазақстан-француз ғылым және технология институтын ашу мүмкіндігі Франциядан келген Жилем Тибо мырза бастаған делегациямен кездесуде талқыланды.

ЖАҢА ИНСТИТУТ АШЫЛАДЫ

ҚазҰУ-ға сапары барысында шетелдік қонақтар 2010 жылы Президенттер Н. Назарбаев пен Н. Сарказидің бастамасымен құрылған «Геоэнергетика» Франко-Қазақстан орталығының қызметімен танысты. Осы уақыт ішінде қазақстандық жетекші ЖОО-ның көптеген магистранты мен докторанты Франция университеттерінде дайындықтан өтіп, соның ішінде қос дипломды білім беру бағдарламасы бойынша да оқыды. Орталық Қазақстан үшін мамандарды даярлау процесіне жаңа жоғары оқу орындары мен француз компанияларын тарта отырып, өз қызметінің бағыттарын үнемі кеңейтіп отырады.

Франция СІМ инспекциясының өкілдері «Геоэнергетика» орталығының қызметін жоғары бағалап, оны Қазақстан-француз ғылым және технология институтына айналдыру туралы ұсыныс жасады. Осындай бірлескен институтты құру Қазақстанда жұмыс істейтін француз компаниялары тарапынан өзара тиімді жобаларды орындауда инвестиция тартуға мүмкіндік беріп қана қоймай, студенттердің ғылыми және тәжірибелік дайындық деңгейін арттырып, түлектерді жұмысқа орналастыруға ықпал етеді.

Өз тілшімізден

МЕЖДУНАРОДНАЯ МЕТОДИЧЕСКАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ

В КазНУ им.аль-Фараби прошла Международная методическая конференция, на которой обсуждались актуальные проблемы современного образовательного процесса.

В КазНУ проходит 50-я Международная научно-методическая конференция «Современная интерпретация педагогической концепции аль-Фараби в условиях цифровизации образования» в рамках празднования 1150-го юбилея Абу Наср аль-Фараби. Наследие мыслителя проникнуто идеями гуманизации и демократизации общества путем улучшения его средствами воспитания и образования. Преемственность педагогических воззрений аль-Фараби для современного педагога крайне важно.

Продолжение на 3 стр.

ЗАМАНАУИ ТҮЛЕКТЕР
ҚҰЗРЕТТІЛІГІ



2-бет

ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ
АТАҚТЫ
ЕКІ ОЙШЫЛЫ



4-бет

СТУДЕНТКА ИЗ КИТАЯ
РИСУЕТ АЛЬ-ФАРАБИ



8-стр.

В научном центре «Аль-Фараби» Национальной библиотеки РК Министерства культуры и спорта Республики Казахстан состоялась презентация 15-томного сборника «ФАРАБИ».

СБОРНИК «ФАРАБИ»



Сборник издан в рамках 1150-летнего юбилея великого мыслителя Абу Насра аль-Фараби при поддержке международного клуба «Абай», Казахского национального университета им. аль-Фараби и Литературного университета народов мира.

В 15-томное издание вошли труды: «Город добродетелей», философские и социально-этические трактаты, «Большая

книга о музыке», «Книга о науке», «Книга о разуме» и «Возвращение учителя» и другие. Многие из них представляют особую ценность, поскольку не известны широкой аудитории читателей. В канун юбилейного года наследие Абу Насра аль-Фараби широко пропагандируется по всему миру, а труды издаются в разных странах.

Соб. корр.

KAZNU.KZ

Са́йд Араби́асы ҚазҰУ-да ғылыми-технологиялық алқапты қурып жұмысқа асырыға қатысуды. Бұл жағдайда қазіргі қазқстандық жетекші JOO ректоры академик Ғалым Мутановтың Са́йд Араби́асы ғылым және инновация министрінің орынбасары Nasser Muhammed al-Akilmen кездесуі кезінде жасалды.

Сапар барысында Са́йд Араби́асының ғылым және инновация министрінің орынбасары ҚазҰУ-дың ғылыми-білім бері және инновациялық қызметі, ғылыми жобалары, орталықтары және зертханаларымен танысты. Nasser Muhammed al-Akil Ұниверситет инфрақұрылымының аяқымдылығы мен дамуын ерекше атап өтті. Оның пікірінше, бұл әсіресе жоғары технологиялар саласында заманауи талаптарға сай және және кәсіпке оңтайлы келеді.

Технопарки пен суперкомпьютері бар заманауи халықаралық IT-кластер іздестірілетін болып, жаңа технологиялар мен инновацияларды дамыту саласында әлем Ұниверситеттерінің ынтымақтастығының жаңа платформасы – аль-Фараби ғылыми-технологиялық алқабын құрып жұмыс қонақтардың үлкен қызығушылығын тудырды. Министрдің орынбасары оны жүзеге асырыға Са́йд Араби́асының Ұниверситеттерін, сондай-ақ ғылыми-технологиялық алқаб инфрақұрылымын дамыту мен зерттеу жобаларын қаржыландыру үшін инвесторларды тартуға дайын екендіктерін айтты.

Екі жақты мүдделілікті ескере отырып, тартап коллаборация бағыттарын тыңғылықты талқылау үшін ҚазҰУ және Са́йд Королдігі Ұниверситетінің мамандары мен ғалымдарынан жұмыс тобын құрды. Жақын арада ғарыштық технологиялар, IT және биотехнология, химия және физика, нанотехнологиялар және басқа салалардағы жобаларды іске асыру бойынша бірлескен зерттеу орталықтарын құру жоспары белгіленді.

Елбасы мен QR Президенті қолдауына ие болған аль-Фараби ғылыми-технологиялық алқабның жобасы ғылыми әзірлемелерді коммерциализацияға және оларды экономикалық нақты секторына енгізуге бағытталған ұлттық инновациялық жүйенің бірегей өсу нүктесі болмақ.

«QR BGM шетел ғалымдары мен мамандарын шақыру» бағдарламасы аясында биздің Ұниверситетке дәріс оқы және бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу үшін Іыváskúla бизнес-мектебінің професоры (Финляндия) Aijaz Sheh (Aijaz Shaikh) келді.

Профессор Aijaz Sheh сифрлық рыноктың саласындағы ғалым болып табылады, оның ғылыми қызығушылықтары сифрлық технологияларды, мобилді қосымшаларды қолдануды, сифрлық рыноктың бойынша материалдарды қамту. Ол жоғары импакт-факторы бар мақалаларды қоса алғанда, Scopus деректер базасында 24 жарияланымның, 30-дан астам ғылыми еңбектердің авторы (h-индексі: 9).

Aijaz Sheh Экономика және бизнес жоғары мектебі докторантының шетелдік жетекшісі болып табылады. A. Shehтің аль-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға сапары барысында бірлескен жарияланымдар жоспарын, ғылыми жобалар мен оқы-әдістемелік материалдар бойынша бірлескен жұмыстар жоспарларын талқылау жоспарланды.

Профессор A. Shehтің 2020 жылдың 13 қаңтары мен 18 қаңтары аралығындағы аль-Фараби атындағы ҚазҰУ-дегі педагогикалық қызметі «Жоғары импакт-факторлы журналдарда мақалаларды жазу және жариялау» («Scientific writing», «Academic Writing», «Scientific Methodology») тақырыбы бойынша дәрістер оқыдан және семинар сәбақтарын өткізуден, сондай-ақ PhD докторанттарға жоғары импакт-факторлы журналдарға мақалаларды жазу және жіберу бойынша кеңес беру сипатындағы бірқатар дәрістерден тұрады.

Қазақстан-франсыз ғылым және технология институтын ашып мүмкіндігі Франсидан келген Jilem Tibo myrza бастаған делегациямен кездесуде талқыланды.

ҚазҰУ-ға сапары барысында шетелдік қонақтар 2010 жыл Президентінің N. Nazarbaev пен N. Sarkazidiің бастамасымен құрылған «Geoenergetika» Франко-Қазақстан орталығының қызметімен танысты. Осы уақыт ішінде қазақстандық жетекші JOO-ның көптеген магистранты мен докторанты Франция Ұниверситеттерінде дайындықтан өтіп, соның ішінде қос дипломды білім бері бағдарламасы бойынша да оқыды. Орталық Қазақстан үшін мамандарды даярлау процесіне жаңа жоғары оқу орны мен франсыз компанияларын тарта отырып, өз қызметінің бағыттарын үнемі кеңейтіп отырды.

Франсия СІМ инспекциясының өкілдері «Geoenergetika» орталығының қызметін жоғары бағалап, оны Қазақстан-франсыз ғылым және технология институтына айналыруға тырғы ұсыныс жасады. Осындай бірлескен институтты құрып Қазақстанда жұмыс істейтін франсыз компанияларын тарта отырып өзара тиімді жобаларды орындауға инвестиция тартуға мүмкіндік беріп қана қоймай, студенттердің ғылыми және тәжірибелік дайындық деңгейін арттырып, тұлелерді жұмысқа орналастыруға уақал етеді.

Өз тілшімізден

РЕКТОРАТ

Кезекті ректорат мәжілісі қазіргі қоғамда жастар арасындағы құқықтық мәдениетті қалыптастыру мәселесін көтерді.

ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТ

Алғаш болып мінбеге шыққан әлеуметтік даму жөніндегі проректордың орынбасары, студенттік қалашықтың директоры Әбдіқаһар Әнуарұлы университеттегі құқық-бұзушылықтың алдын алу туралы баяндама жасады. «Жастардың құқықтық белсенділігі жоғары болуы үшін жалпы азаматтық қоғам өз деңгейіне көтерілуі тиіс. Азаматтық, құқықтық қоғам қалыптасуы қажет. Жастар өз құқығын білмейінше белсенді бола алмайды. Сондықтан да, қоғамда құқықтық сауаттылықты арттыруға барынша көңіл бөлінуі тиіс. Ал құқықтық мәдениет қалыптастыру – бүгінгі күннің өзекті мәселесі», – дейді Әбдіқаһар Сейтжанов. Сондай-ақ ол қазіргі уақытта студенттердің арасында және жалпы қоғамдық орындарда жиі орын алып жататын құқық бұзушылық түрлеріне сипаттама беріп, нақты деректер келтіріп, олар үшін жауапкершілікке тарту және алдын-алу жолдары туралы ақпараттар берді.

Сонымен қатар мәжіліс аясында жаңа форматтағы диссертациялық кеңестердің жұмысы және докторанттардың қорғалуы туралы және басқа да әртүрлі мәселелер кеңінен талқыға салынды.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

ЗАМАНАУИ ТҮЛЕКТЕР ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ

Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция аясында менеджмент кафедрасының ұйымдастыруымен «Заманауи жағдайда ЖОО бітірушінің құзыреттілік моделі» атты дөңгелек үстел өтті.



«Алматы қаласының академиялық құрылымдарымен, Ресей және Беларусь елдерінің серіктес жоғары оқу орындарымен, ЖОО түлегінің құзыреттілік моделін әзірлеу кезінде ЖОО-ның жұмыс берушілері және түлектерімен өзара іс-қимыл мәселелерінің өзектілігі ерекше маңызға ие», – дейді жиынның ашылуында сөз алған экономика және бизнес жоғары мектебінің деканы, профессоры Римма Сағиева.

Өзінің онлайн-баяндамасында Беларусь елінің экономикалық шолушысы, сарапшы-талдаушы А. Авдонин бұл құзыреттілік тәсіл бизнес, корпорациялар және жоғары оқу орындарының қызметтерін ұсыну арасындағы диссонансты жоюға бағытталғанын атап өтті.

Шара барысында ҚазҰУ-дың экономикалық бейіндегі түлектің бірегей құзыреттілік моделі тұтынушылар талаптарына сәйкес даярлау бағыттары мен деңгейлері бойынша әзірлеу бағдарламалары ұсынылып, түлектің әзірленген моделі негізінде дайындық деңгейлері бойынша білім беру бағдарламаларын қалай үйлестіру керектігі көрсетілді. Сондай-ақ мамандар экономикалық бейіндегі бітірушінің құзыреттілік моделін әзірлеу, қажетті құзыреттілікті қалыптастыру, түлектерді жұмысқа орналастыру, студенттердің тәжірибеден өту, білім беру бағдарламаларының мақсаты мен құрылымының мазмұны сынды мәселелер бойынша пікір алмасты.

ҚазҰУ-да «Білім беруді цифрландыру жағдайындағы әл-Фарабидің педагогикалық тұжырымдамасының заманауи интерпретациясы» атты халықаралық конференция өтті

Продолжение. Начало на 1 стр.

В рамках крупного международного форума обсуждаются и другие актуальные для современного высшего образования вопросы: создание образовательных программ на основе разработки компетентностной модели выпускника КазНУ имени аль-Фараби; проблемы взаимодействия образования, производства и бизнеса, формирование уникальных атрибутов и навыков современных выпускников, способных сделать их востребованными на рынке труда и многие другие.

Примечателен и новый формат проведения данной конференции, инициированный Департаментом по академическим вопросам КазНУ имени аль-Фараби. Секции конференции проходят автономно на каждом факультете, что дает возможность углубленной работы в направлении совершенствования взаимодействия реального рынка труда и образовательного процесса.

Ранее в ключе работы Международной методической конференции в «Высшей школе экономики и бизнеса КазНУ имени аль-Фараби» прошел мастер-класс «Разработка модели выпускника в рамках гармонизации образовательных программ по уровням подготовки», инициированный и проведенный кафедрой «Бизнес-технологий».

Данный мастер-класс объединил в своих рядах заинтересованных участников совершенствования образо-

МЕЖДУНАРОДНАЯ МЕТОДИЧЕСКАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ



вательного процесса в настоящее время – сотрудников деканата, ППС всех кафедр, работодателей из различных бизнес-структур, выпускников Высшей школы. В качестве работодателей кафедрами были приглашены руководители и представители: ГК «ID-group», ТОО «KazAgroFeed», Евразийской Ассоциации Франчайзинга, ТОО «Pride Logistics service», Представительства СІІТ Kazakhstan по Южному региону, АО «КТЖ», ТОО UP Consulting, Наблюдательного совета компании ТОО «ШЫНҒАР ТРАНС», «ТОО TAU Development», ТОО «Tabio Consulting» и другие.

Спикерами-тренерами – доцентами кафедры «Бизнес-технологий» Ж.Т.Кожамкуловой и Э.Е. Баймухамбетовой - была представлена программа разработки уникальной компетентностной модели выпускника КазНУ имени аль-Фараби экономического профиля в соответствии с требованиями потребителей, показано, как необходимо гармонизировать образовательные программы по направлениям и уровням подготовки на основе разработанной модели выпускника.

Активная дискуссия по проблемам разработки компетентностной модели

выпускника экономического профиля, формирования необходимых компетенций, трудоустройства выпускников, прохождения практики студентов, содержания цели и структуры образовательных программ дала конкретные результаты. Со стороны работодателей и выпускников была получена поддержка заинтересованность в создании филиалов кафедр на предприятиях, оказании помощи в организации различного характера практик; совместной деятельности по формированию современной модели выпускника КазНУ имени аль-Фараби, востребованной на рынке труда. Мастер-класс дал возможность ППС получить необходимые знания и вооружиться навыками выявления соответствия подготовки выпускников направления и уровня подготовки требованиям рынка труда, на основе чего разработать эффективную компетентностную модель выпускника экономического профиля.

Г. ЖАКУПОВА,

руководитель службы методической работы Департамента по академическим вопросам КазНУ имени аль-Фараби, к.э.н., и.о. профессора;

Ж. КОЖАМКУЛОВА,

к.э.н., доцент кафедры «Бизнес-технологий»

Бүгінгі таңда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру және оны дамытуға қатысты мәселелерді шешу жолдары іздестірілуде.

БІЛІМ БЕРУДІ ЦИФРЛАНДЫРУ

Кәсіби құзыреттілік мәселесі білім алып жатқан болашақ мамандарға ғана қатысты емес, сол студенттердің белгілі бір салада кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға тікелей атсалысатын оқытушыларға да қатысты мәселе болып табылады. Осы орайда «Қаржы және есеп» кафедрасы кезекті 50-ші «Білім беруді цифрландыру жағдайындағы әл-Фарабидің педагогикалық тұжырымдамасының заманауи интерпретациясы» тақырыбындағы ғылыми-әдістемелік конференция аясында «Білім беруді цифрландыру жағдайындағы ЖОО оқытушысы құзыреттілігінің профилі» атты тақырыпта келелі кеңес өткізді.

Басталған жыл кәсіби құзыреттілік мәселелерінде нақты шешімдер қабылдануы тиіс екендігін айқындады. Осы орайда бір ай бұрын-ақ Экономика және бизнес Жоғары мектебі кезекті ғылыми-әдістемелік конференцияға дайындық шараларын бастап кеткен болатын. Университет қабырғасында білім алып жатқан бүгінгі студенттердің ертеңгі күні кәсіби құзыреттілігін тікелей бағалаушы ретінде жұмыс беруші-бизнес өкілдерімен, кеше осы университетте білім алып, бүгінгі күні кәсіпкер болып табылатын түлектермен де кездесулер ұйымдастырылып, оларға сауалнама арқылы негізгі талап-тілектер айқындалып, нәтижесінде университет түлегінің құзыреттілік моделі әр мамандық бойынша қалыптастырылып жатыр.

Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мен дамытудағы басты тұлға оқытушы болып табылады. Салыстырмалы зерттеулер жүргізу нәтижесінде оқытушы құзыреттілігінің құрылымдық элементтері анықталып, оларға жан-

жақты талдау жасалынды. Бірінші кезекте айқындаушы фактор кәсіби құзыреті, яғни оқытушының пән бойынша терең білімінің болуы, педагогикалық шеберлігі, ғылыми қызығушылығы мен ізденушілігі, ғылыми зерттеу әдістерін меңгеруі мен ғылыми инновацияға бейімділігі сияқты мәселелер маңызды деп айқындалды. Бұдан кейін оқытушының адамгершілік қасиеттері, ұйымдастырушылық қабілеттері, іскерлік деңгейі, өзін-өзі басқару мүмкіндігінің болуы оқытушының жалпы құзыреттілігінің қалыптасуына мүмкіндік береді. Ал, енді кәсіби құзыреттілікті дамыту шарасы ретінде біліктілікті арттыру бағыттары айқындалды. Біліктілікті арттырудың бүгінгі күнгі басты бағыттары өз бетімен оқу, ғылыми-әдістемелік конференцияларға қатысу, біліктілікті арттыру институттарында, факультеттерде сабақтарға қатысу түрінде жүзеге асып келеді. Бірақ, бүгінгі күн талабы бойынша бұлардың берері аз. Яғни, университет алдағы уақытта осы бағытта жұмыс істеуі қажет. Оқытушының құзыреттілігі болашақ маманның біліктілігін айқындаушы басты құрал болып табылады, яғни оны дамыту жолдарын іздестіру қажет. Оқытушының құзыреттілігін дамыту көздері ретінде оқытушылар үшін кәсіби біліктілік сертификаттарын алу мүмкіндігін ұйымдастыру, оқытушылардың шетел оқу орындарында, бизнес-серіктестерде тәжірибеден өтуін ұйымдастыру мүмкіндіктерін жасау болып табылатындығы анық.

А. АРЫСТАМБАЕВА,

қаржы және есеп кафедрасының аға оқытушысы

В научном споре рождается истина!

Кафедрой политики и организации здравоохранения была инициирована новая форма научного кружка среди обучающихся в виде научного диспута в формате Science-Ring.



Science-Ring – турнир между двумя (и более) командами в дискуссии на одну тему по научной проблематике. Победителем становится та команда, которая обнаруживает более глубокую эрудицию и быстроту реакции в ответах на вопросы второй команды или зрителей из зала.

Предварительно были определены правила и состав жюри, в которое вошли именитые ученые медицинского факультета: Калматаева Ж.А., Ошибаева А.Е., Капанова Г.Ж. и Мамырбекова С.А.

Турнир проходил в дискуссионном формате. Каждая команда представляла свои доводы в защиту или опровержение обсуждаемого научного вопроса по очереди.

Первый турнир был посвящен фундаментальному открытию японского ученого-молекулярного биолога Ёсинори Осуми, который изучал один из важнейших механизмов саморегуляции клетки – процесс аутофагии.

Команды очень тщательно подготовились, сделали постеры, придумали слоганы и девизы команд, провели научный обзор статей по заданной теме, четко определили положительные и отрицательные стороны

аутофагии, представили жюри в письменном виде все аргументы с пояснениями.

Дискуссия длилась на протяжении академического часа. Командами приводились аргументированные (по материалам научных статей) доказательства в защиту представленной информации, а также личный опыт, собственные наблюдения из врачебной практики. Обе команды сумели продержаться до конца установленного времени. При этом, у каждой команды остались неиспользованными десятки аргументов.

Подводя итоги научного турнира «Science-Ring», судьи отметили высокую эрудицию и продуктивность работы команд. По решению судей была присуждена ничья. Участники получили дипломы и подарки.

Надеемся, что данный формат заинтересует другие кафедры и привлечет в наш научный ринг других обучающихся.

Г. КАПАНОВА,


зав. кафедрой политики и организации здравоохранения факультета медицины и здравоохранения, д.м.н., профессор,

В. КАМХЕН,

к.м.н., и.о. доцента

Түркі әлемінің атақты ЕКІ ҰЛЫ ОЙШЫЛЫ

Орта ғасыр түркі мәдениетінің толысып ең дамыған тұсы. X-ғасырда осы түркі әлемінің ең биік ғұлама философы Абу Насыр әл-Фараби ежелгі Отырар қаласында дүниеге келді. Ол дін мен философияның арақатынасын терең зерделеп гармониялық бірлікте толықтыра түсті. Әл-Фараби түркі дүниесінің ойлау мәдениетін, дүниетанымын өзінің энциклопедиялық білімімен әлемді таңқалдырды. Ол ғылымның көптеген саласын терең меңгеріп, бірнеше тілдерді, яғни түрік, парсы, араб, грек тілдерін жетік меңгерді. Аристотельден кейінгі Екінші Ұстаз атанды.



Ал енді әл-Фарабидің Аристотель философиясын танып білуі жөнінде айтар болсақ, ол антикалық философия мен ислам философиясын байланыстыра білді. Тек әл-Фараби еңбектері арқылы ғана танымал ортағасыр ойшылдары Платон мен Аристотельдің философиялық көзқарасын дұрыс түсініп, бағалай білді.

Әл-Фарабидің антика дәстүрімен байланыстылығынан осының арқасында оның Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз» атанып, даңққа бөленгенін айтатын болсақ, әл-Фараби жастайынан-ақ ұлы Аристотельдің, Платонның, ерте дүниедегі Грецияның басқа да философтарының шығармаларымен түп нұсқасынан танысқаны жөнінде бізде деректер бар.

Француз философы Этьен Жильсонның айтуынша ортағасыр ислам философтары әл-Кинди, әл-Фараби, Ибн Синаның еңбектерін оқып танып білмей Томас Аквинскийдің Дунс Скот және басқа да еуропа философтарының еңбектерін түсіну мүмкін емес. Әл-Фараби еңбектері ортағасыр еуропалық қайта өрлеу үдерісінің дамуына тікелей ықпал етті.

Әл-Фарабиді маңызды екі мәселе толғады:

–Платон мен Аристотель философиясы арасындағы қайшылықтарды жойып, оларды үйлестіру;

–Исламдық дүниетаным мен ежелгі грек философиясы арасындағы көзқарастар қарама-қарсылығын жою.

Сол замандағы грек философиясына қарсы айтылған сыни пікірлердің бірі – Платон мен Аристотельдің бір-бірімен қарама-қайшылығы еді. Егер философия жалғыз Ақиқатты тануға жол ашатын болса, екі ең ірі философиялық жүйе көзқарастары бір-біріне қарсы бола ала ма? Егер екі жүйе де адамды Ақиқатқа жетелейтін болса, оларда ешқандай қарама-қайшылықтар жоқ; егер қарама-қайшылықтар бола тұра, екі философиялық жүйе де дұрыс деп танылса, бұл философияның толық жетілмегендігін, Ақиқатқа жол аша алмайтындығын меңзейді. Сол заман философиясына қарсы айтылған пікірлердің мазмұны осындай сыни мағынада болған.

Бұл сынға жауап ретінде әл-Фараби «Аль-джамам бейт рай аль-хакимейн Ефлятун аль-лияхи уа Аристо» еңбегін жазады («Екі философ – Қасиетті Платон мен Аристотельдің көзқарастарын ортақтастыру»). Бұл еңбегінде әл-Фараби Платон мен Аристотельдің айырмашылығы тек қана әртүрлі тілдік стильдерді қолдануында және өмір салтында екенін көрсетеді, ал қос ойшылдың философиялық көзқарастары ортақ болғанын айтады. Кітаптың басында әл-Фараби философияның пәні жайлы айтып, ғылымдардың классификациясын келтірген, одан әрмен Платон философиясының қысқаша мазмұнын берген, ал кітаптың соңғы бөлімінде Аристотель философиясының негізгі сипаттамаларын атап өтіп, екі ойшылдың көзқарастарының ортақтығы мен үндестігін көрсетеді.

Әл-Фарабидің ойынша, философия – Ақиқат және сол Ақиқатқа жету жолы, яғни барлық ұлы ойшылдар мен философтар ұзақ ой-толғаулар нәтижесінде бір нәрсеге келеді, осы тұрғыдан алып қарағанда, олардың барлығы дерлік Ақиқатты іздеуші бір мектеп өкілдері, сондықтан әртүрлі философтар арасындағы айырмашылықтар баршаға ортақ Ақиқатты әртүрлі жолмен көрсетуінде. Әрине, әл-Фарабидің осы әрекеті қаншалықты нәтижелі болғаны туралы сөз таластыруға болады, сонымен бірге бұл әдістің ислам әлемінің кейінгі ойшылдарына айтарлықтай ықпал еткені сөзсіз. Мәселен, әл-Фарабидің

қалыптастырған гректік философия негізіндегі философиялық ойлау институтын оның ізбасарлары болған мұсылмандық философ-перипатетиктер грек философиясының белгілі бір өкілін алға тартса да (Мысалы, ибн Сина – Платонды, ибн Рушд – Аристотельді), әл-Фарабиден кейін қалыптасқан перипатетикалық философияның шегінен шықпаған.

Әл-Фарабидің Аристотель мен Платон философиясын сабақтастыруындағы тағы бір мақсаты – Аристотель философиясының исламдық дүниетанымға қайшы келетін тұстарын Платон философиялық ілімімен «толықтыру» еді, бұл жерде александриялық неоплатонизм мектебінің философиялық зерттеулері маңызды рөл атқарды. Бірақ нәтижесінде әл-Фараби әл-Фарабидің бұл әрекетін сынға алады. Аристотель философиясы бойынша терең білімі мен керемет философиялық қабілеті, тіл білімі, математика, астрономия және сол

болса, философ бұған дұрыс логикалық ойлау тәсілі арқылы және болмысты терең зерделеу арқылы қол жеткізеді. Екеуі де бір жерден нәр алады, бірақ философ материалды әлемді бақылау арқылы сол әлемді Жаратушыны таниды, ал пайғамбар жан тазалығы арқылы материалды әлемнің жаратушылық негізіне көз жеткізеді. Сол себепті әл-Фараби үшін діни ақиқат пен философиялық ақиқат арасында айырмашылық болуы мүмкін емес, өйткені философия ғал, дін де Жаратушымен байланысты – тек біріншісі ой-толғаулар арқылы, екіншісі қиял арқылы.

Әл-Фарабидің келесі бір маңызды идеясы – бұл адамзат қоғамын үш категорияға бөлуі: «а`ввам» – қарапайым халық, «мутакаллимдар» – философиялық дәлелдемелер қолданып ой толғаулар жүргізуге қабілетті, білімді діни оқымыстылар мен философтар. «А`ввам» ешқашан философиялық дәлелдемелер арқылы ақиқатты тани алмайды.

«Әл-Фарабидің өзінен кейінгі мәдениеттің дамуына, әсіресе Шығыс Орталық Азия, Қазақстан, Кавказ халықтарының мәдениеттеріне әсері жан-жақты әрі ұзақ болған еді».

Б.Ғ. ҒАҒУРОВ, көрнекті Шығыс зерттеушісі

заман ғылымының өзге де салаларындағы жан-жақты білімінің арқасында әл-Фараби мұсылмандық Шығыста «аль-муа`ллим ас-сани» «екінші ұстаз» деген атаққа ие болады.

Сонымен әл-Фараби еңбектерінің маңыздылығы бүгінгі таңда да өзектілігін жоғалтпаған, ол философияны/ақыл-ойды сеніммен/дінмен үйлестіру мәселесін қарастырады.

Әл-Фараби дін мен философия арасындағы байланысты үш тұрғыдан қарастырады:

1) Жаратушыға деген қатынас. Исламда Құдай ұғымы басты, ұйытқы ұғым болып табылады; ал Аристотель үшін Бірінші себеп түсінігі негізгі емес.

2) «Вахий» ұғымы – «шынайы сенім», бұл ұғым грек философиясында кездеспейді. Осы себептен әл-Фараби пайғамбарлық, оның таңғажайып кереметтері мен сырлары жайлы бірқатар түсіндірмелер ұсынған.

3) Философияға қабілеті жоқ қарапайымдылар («а`ввам») мен таңдаулылар болып табылатын философтар арақатынасы. Әл-Фараби бұл мәселені жалпы педагогикалық тұрғыдан талдаған, ал шын мәнінде бұл философия мен дінді ортақтастыру мәселесімен байланысты болған.

Дін ой-қиял арқылы байланысатын

Олармен тек қарапайым сөз тіркестерін, мысалдарды қолданып сөйлесуге болады. «Мутакаллимдармен» әл-Фарабидің ойынша тіпті тіл табысу қиын, себебі олар тек сөз жаңылыстыру мен жанжалдар жүргізу әдісін қолданады. Философтар бұл топшылауда, ең жоғарғы орынға ие, өйткені олар Ақиқатқа жол бастайтын таңдамалы тұлғалар.

Ал, Қожа Ахмет Ясауиге келетін болсақ ол (қазіргі Түркістан) бұрынғы Иассы қаласында дүниеге келіп, Түрік әлемінде фундаменталді роль атқарды. Ол Түркілік мистицизмді әлемге тарата білді, сондай-ақ материалдық дүниені білімге сүйені отырып таныта білді. Ол өзінің интеллектуалды білімінің арқасында дүние құдай туралы ойларын синтездеп отырып мынадай күшті сөздерді жазып қалдырды. «Әрбір адам білім жолымен жүрген жағдайда ғана адам зорлықтан бойын аулақ ұстай алады».

Оның ұлы Азия даласына жасаған ықпалы соншалықты үлкен болғаны XIV-ғасырдың аяғында атақты Теміранның өзі Ясауи тұлғасына бас иіп, өзінің қарамағындағы адамдарға Ясауиге арналған Түркістан қаласында салтанатты кесене тұрғызуға бұйрық берді. Бұл кесене ислам архитектуралық ойларының керемет асыл жауһары болды. (2002 жылдан бастап бұл кесене ЮНЕСКО тізіміне тіркеліп қорғанға алынды).

Ясауидің басты көздеген мақсаты – құдаймен табысу, оның бейнесін көру. Құдайды тану сопылар үшін бүкіл өмірінің мәні болып табылады. Ясауи былай дейді: «Кімде кім құдайды есіне алса, ол онымен өзінің табысқанын көре алады».

Ясауи суфизмнің ең биік шыңы оның пайғамбар жасына келгенде, менің пайғамбардан артық өмір сүруім мүмкін емес деп, жер астында қазылған жеке бөлмеде қалған өмірін өткізуі еді. Суфизмдегі негізгі доктрина құдайды мистикалық сүю болып табылады.

Ахмет Ясауи адам мен қоғам мәселелеріне де назар аударып, оларға дәстүрлі мұсылмандықтан айырмашылығы бар ұсыныс беруге әрекет жасайды. Оның дүниетанымында этикалық ойлар да басым. Ясауидің этикалық көзқарастары құдай және оны тану ілімімен тығыз байланысты. Мораль сопылардың құдайды тану жолындағы негізгі талаптарынан туындайды. Адамгершілік тазалығы мен моральдық жағынан жетілгендікті Ясауи оппозициялық суфизм позициясы тұрғысынан шешеді. Ол адам бойында кездесетін даңққұмарлық, күншілдік, екіжүзділік, надандық кекшілдік, алдау сияқты жаман әдеттердің болатынын өкінішпен айтады. Ясауи іліміндегі адамгершілік ойлары дін арқылы түсіндіріледі. Жақсылық пен жамандықәділеттік пен әділетсіздік, адамның жақсы және жаман іс-әрекеттері сияқты моральдық сипаттары оның құдайға сенуіне байланысты болды. «Кімде-кім жамандық жасаса ол күнәдан арыла алмайды, кімде-кім жақсылық жасаса ол құдайдың сүйіктісі болады», - дейді.

Ахмет Ясауидің пайымдауынша, ол өзін-өзі тазартуға, кемшілігін жоюға, игілікті іс істеуге шақырған адам арасы, әділетсіздік және жамандық жасауы мүмкін емес. Ол өзінің жолын қушыларды өзін-өзі жетілдіруге шықыра отырып, адамгершіліктің құдайдан шығатын туралы ойдан аулақ ұстайды. Оның саяси және әлеуметтік көзқарастарының негізінде де этикалық бастау жатты.

Ясы ғұламаларының ойларынан сан ғасырдан кейінгі Абай мен Шәкәрімнің философиялық дүниетанымдарында көрініс беретін «нұрлы ақыл», «жан қуаты» деген ұғымдардың шығу төркінін ұғасың. Л. Толстойдың зұлымдыққа қарсыласпа деген қағидасының негізінде дүниеге келтірген діни-философиялық ілімі осы Ясылық машайықтардан бастау алғанын байқаймыз.

Ясылықтар тіл мен білімнің қажет екенін және оның ерекше қасиет екенін мойындайды. Ясауи тіл құдіретін аллаға мінажат етуге жұмсауды үндейді. Білімді қиямет күні алла-тағала алдында есеп-қисап берудің таптырмас құралы деп есептейді. Ясауилықтардың еңбектерінде этикалық ойлар, сараңдық – жомарттық, көнбістік – тәкәппарлық, нәпсі – қарыз, қайырымдылық – қайырымсыздық, жуастық – қаталдық, қасірет-қуаныш сияқты этикалық ұғымдар қарастырылады. Мысалы, А. Игүнекидің «Ақиқат сыйында»: «Мінездің жақсысы – әдептің мінсізі, ал жомарттық – ол сараңның айнасы», - деп керемет ойлар, өсиеттер айтылады. «Хикметтердің» көпшілігі шешендік нақыл сөздерге толы. Ясауи қолыңнан келсе халқыңа әділ бол, қызмет ет, керек болса жаныңды оған құрбан қыл, - деп өз дәуірінің үлкен перзенті екендігін биік гуманистік деңгейде таныта білді.

Түйіндеп айтар болсақ, түркі әлемінің атақты екі ойшылы қос интеллектуал әл-Фараби мен Ясауидің әлемдік өркениетке қосқан үлестері тарихта белгілі. Әсіресе, олардың Батыс Еуропалық ғалымдарға жасаған ықпалы қайта өрлеу дәуірінің дүниеге келуіне де үлкен әсерін тигізді деп айта аламыз.

Жақыпбек АЛТАЕВ,
философия кафедрасының
профессоры, филос. ғ.д.,
фарабитанушы

Шығыстану факультетінің студенттер үйінде

Әл-Фарабидің 1150-жылдық мерейтойына арналған мерекелік кеш өтті

Қазіргі қоғамдағы ұлттық мәдени кодқа негізделген тәрбие мен өзара қарым-қатынастың ізгілік пен адамгершілікке құрылуы қоғамның ілгері дамуы үшін маңызды екені сөзсіз.

«Білімнің күні жарық» екенін түйсінсек те, тәрбиесіз алған білім адамның гармониялы дамыған жеке адам ретінде танылуына мүмкіндік бермейтіні анық. Әл-Фараби университетінде интеллектуальды тәрбиеге маңызды орын берілген. Университет басшылығының ұсынысымен «Айналады нұрландыр», «100 кітап оқиық», «Жасыл қала» бағдарындағы іс шаралардың жүргізілуі бүгінде әдетке айналған. Халықтық тәлім-тәрбиенің бойына сіңіру, ұлттық дүниетанымда қалыптасқан ұстанымға сәйкес мінез қалыптастыру – қазіргі күннің басты талаптарының бірі.

Адами құндылықты айқындайтын аксиологиялық бағалау – ізгілікпен, адам болмысының ізгіленуімен тікелей байланысты. Шыңдап келгенде, Адам баласы үшін ең маңызды құндылық – Алланың өлшеп берген «өлшеулі ғұмыры», тіршілігі. Адами осы құндылықты ақылды кісі мен наданның қалай өткеретіні кісінің зияткерлік өресімен де байланысты. Тәрбие нақты болмаған тұста, надандық артып, ел іші дүрмекке ерсе, «Ел бұзылса, табады шайтан өрнек, Періште төменшіктеп, қайғы жемек» деп Абай данышпан айтпақшы, адами құндылықты насихаттай отырып берілген тәрбиенің маңызын ешкім жоққа шығармақ емес. Аксиологиялық бағалау «жақсы мен жаманды» қарама-қарсы қою арқылы негізделіп, құндылықтың бағалануы сөз арқылы берілетін тәрбиемен де тікелей байланысты болары сөзсіз.

Әлемнің екінші ұстазы атанған ұлы әл-Фараби бабамыз артына «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас

жауы» деген ұлағатты сөз қалдырған екен. Осы тағылымды берік ұстанған әл-Фараби университеті интеллектуальды тәрбие беру ісіне жіті көңіл бөледі.

Бүгінгі студенттің ертеңгі қазақ зиялысы болуы үшін оның кеудесіне тек білім нәрін құю аз, сонымен бірге зиялылық белгісі ретінде оның «толық адам» болып өсуі маңызды. Бұл үшін кез келген студент Абай идеясымен сусындауы қажет-ақ. Жалғансыз әрекет, асыл мінез, тура ақыл, таза жүрек – бүгінгі зиялыға керек басты қасиеттер. «Ауруын жасырғанның» не боларын айтып дүниетаным қалыптастырған Абай бағалауын әрқайсымыз қабыл алып, нәтижелі іске ұмтылсақ, сол игі.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ біраздан бері әлемдегі ірі университеттерде ғылыми байланыс орнатуға да ерекше мән беруде. ЮНЕСКО шешімімен 2020 жылы аталып өтетін әл-Фарабидің туғанына 1150 жыл толу құрметіне орай, биылғы жылдың тамыз айында ҚазҰУ ректоры Ғ. Мұтановтың бастауымен Ыстамбұл қаласында әл-Фараби мұражай үйі ашылды. Мұндай ғылыми орталықтар, сондай-ақ, Иорданияда, Италияда, Қытайда, Египетте, Үндістанда, Болгарияда және т.б. ашылған-ды.

Жақында Түркияға барған сапарымызда Ыстамбұл университеті жанындағы осы әл-Фараби атындағы Еуразия ғылыми орталығының директоры Абдуллах Қызылжық әл-Фарабидің бұрын ғылымға белгісіз болған қолжазбалары табылғанын, қазір соны түрк тіліне аударып басуға дайындап жатқанын жеткізген еді. Ғалым осы еңбектің қазақ тіліне де аударылып, әл-Фараби университеті баспасынан жарыққа шығуын қалайтынын сәлем ретінде айтқан-ды.

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ҰЛТ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖОЛЫ



Ректор Ғ. Мұтановтың «Әлемнің жетекші университеттері адами капиталды қалыптастырып, инновациялық экономиканың өсуіне себеп бола отырып, өз елдері мен бүкіл өңірлердің дамуын анықтайды» деген сөзі бүгінгі әл-Фараби университетінің алға қойған мақсат, мұратын да таразылайды.

Қоғамдық даму драйвері ретінде ҚазҰУ әлеуметтік-гуманитарлық орталықтар құрды, олар мемлекеттік құрылымдармен бірге қоғамның өзекті мәселелерін шешуде ұзақ мерзімді жобаларды жүзеге асыруда. Осындай ғылыми зерттеу шоғырының бірі – жақында ғана университетте ашылған «Қазақ жазуы» орталығы. Бұл орталық Қазақ Елінің латын қарпіне көшуіне

байланысты қазақ жазуының ғылыми мәселелерін айқындауға, теориялық тұғырын талдауға, Қазақ әліпбиі мен Қазақ жазуы нормаларының емлесін түзуге қатысу және оның ғылыми теориялық негізін саралау мақсатында жұмыс жүргізе бастады. Орталық қазақ жазуының бұдан кейінгі кезеңде КАНОН-дық нұсқа болуын, жазудың ең басты қызметінің бірі – мәдениетті, дүниетанымды сақтау болғандықтан да, оның енді өзгермей, жетіле түсуін насихаттауды көздейді.

Анар САЛҚЫНБАЙ,
профессор, фил. ғ. д.

Жоғары оқу орындарының алдына қойылған негізгі мәселе әлемдегі алдыңғы қатарлы өркениетті, бәсекеге қабілетті жас ұрпаққа сапалы білім мен тағылымды тәрбие беру. Кәсіби мамандарды даярлауда Қазақстан Республикасының жалпыға бірдей міндетті мемлекеттік стандартын жүзеге асырудың негізгі міндеті – ғылым мен білімді тәжірибемен ұштастыру болып табылады.

Қазіргі таңда кәсіптік салада жан-жақты білімді, білікті, іскер, бәсекеге қабілетті маман даярлауда әрбір білім алушыны жан-жақты ізденуге, өздігінен тың жаңалықтар ашуға, қай салада болмасын, ғылыми жұмысқа деген бейімділігін қалыптастыру сәлделуде. Жоғары оқу орындары осы салада барлық мүмкіндіктер жасап отыр.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде кәсіптік білім беруде білімді де білікті ұстаздар қызмет атқаратын, кәсіби маман даярлауда тәжірибесі мол оқу орындарының бірі. Мұндағы басым бағыттың бірі еңбек нарығына қажетті маман даярлау болып табылады. Университет қабырғасында сапалы маман даярлау үшін қажетті материалдық-техникалық база құрылып, кабинеттер, зертханалық бөлмелері, ғылыми жобалармен қамтамасыздандырылған. Өндіріс пен білімді ұштастыру мақсатында өндірістік практикалар жүргізіледі. Мысалы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің химия және химиялық технология факультеті жалпы және бейорганикалық химия кафедрасында



«Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығы бойынша оқитын 3 курс студенттері өндірістік практиканы ЖШС «Цин-Каз» жеміс және көкөністі қайта өңдейтін және қаптама ыдыстарын шығаратын кәсіпорынның директоры Алма Мукашева жасалған келісімшарт негізінде «Цин-Каз» томат өндірісінде өтті.

Практиканың мақсаты – бакалавр студенттерді өндірісте жұмыс істеуге дайындау. Практика барысында бакалавр студенттер өндірістің практикалық маңызын талдау мәселелерін жете зерттеді.

Практикант-бакалаврлар зерттеу практика барысында зерттеулерді тек қана теориялық түрде ғана жүргізіп қоймай, оны тәжірибемен ұштастыра білді. Сонымен қатар зерттеу жүргізу үшін сапа, сипаттама ұғымдары маңызды орын алатынын көрсетті. Теориялық білімдерін

тәжірибеде кәсіби қолдана білетін химик-технолог ретінде танылды.

Практиканың үшінші күні шығарылатын өнім құрамымен таныстырылды. Мысалы: кетчуптің әр-түрлері (сарымсақты, томатты, бұрышты), одан басқа соус және маринад (кобра, сацибел, корнишон, қияр, қызанақ), тосаптар: құлпынайдан, таңқурайдан, қара қарақаттан жасалған және т.б.

Зауытта әр шығарылған өнімдердің бір данасын қауіпсіздік мақсатында сақтап қоятын қойманы студенттер аралап көрді. Егер де уланатын жағдай болса, осы өнімді дәлел ретінде көрсете алады.

Студенттер өнімдерді сақтайтын банканың, сыртындағы этикетканың түрлерімен танысты. Этикеткасына қатты назар аударады. Этикеткасында сақтау мерзімі, шығарылған күні, тауар белгісі, штрих кодына қарайды және ол жерде түсі анық болуы керек.

Зауытта Қытайдан келген өнімді 14 күн бойы сараптамадан өткізеді. Оның химиялық құрамын тексереді. Томат пастасының, соя соусының және чили соусының химиялық көрсеткіштері бірдей.

Зауытқа келетін шикізатқа міндетті түрде хаттама толтырылып отыратынын студенттерге түсіндірді. Өнімді қорғау мақсатында бақылау жасалып отырады. Осыдан өткеннен кейін ғана өнімдер нарыққа апарылады.

Зауыттағы бас лаборант А. Кудерина тексерісімен ғана өнімдер нарыққа жіберіледі.

Арнайы көрсетілген график арқылы химиялық зертханада қолданылатын өлшегіш құралдарды, сынауықтарды тексереді.

Жалпы және бейорганикалық химия кафедрасының ұстаздары жеке тұлғаны әлеуметтік-экономикалық бағытында дамыту үшін, еңбек нарығының сұранысына сәйкес тұлғаның жеке қажеттілігін ескере отырып, үздіксіз білім беру жағдайында техникалық және кәсіптік мамандарды даярлау бағытында зор үлес қосуда. Біздің негізгі мақсатымыз – теориялық білім мен іс-тәжірибені ұштастырып, болашақ кәсіби құзыретті маман даярлау болып келеді. Университет түлектері бүгінгі таңда Қазақстанның түкпір-түкпірінде өз мамандықтары бойынша абыройлы еңбек етуде.

Кәсіптік білімі бар жас өмірде өз орнын табады. Тек бұл үшін бізде оқып кеткен әрбір ұл-қызға таудай талап, еңбекке деген құлшыныс керек.

Б. БАЛҒЫШЕВА, Р. РЫСҚАЛИЕВА,
химия және химиялық технология факультетінің доценттері

Жүйрік уақыттың жалына жармасқан бір кезгі бозбалалардың елге қамқор боларлық ақылман азаматқа айналып, жігіт ағасы жасына жеткеніне көптен куә болып, туған жер, өскен өлке алдындағы борыш-міндетінің өтелуі таразыға тартылар мерейтойларының мейманы қатарынан көрініп келеміз.

ДИЗАЙН БІЛГІРІ



ғимараттарының, сый бұйымдарының, тіпті киім үлгілерінің бір мәнерге, ортақ идеяға тоқайласатынын көрдім. Бірыңғай фирмалық стиль нақыштарына оқу ордамыздың басшылығы да назар аударып, көркем ойдың қылқалам тіліне көшуіне ықылас білдірді. Кафедрадағы алғашқы аяқ алысымызды тәлімгерлерді шығармашылық ізденіске баули отырып, университеттің болашақ дизайнерлер ұғымындағы өзіндік бет-бейнесінің нобайларын қағазға түсіруге арнағанымыз осындай толғаныстан туындаған-ды.

Алдымен арнайы студия қажет болады, – деді Бейсекең. Сол ойын өзі жүзеге асырды да. Профессор Құрманғазы Жеделов екеуі 203 және 204 дәрісханаларды қал-қадерінше жабдықтап, студенттердің арнайы пәндерді игеруіне мүмкіндік туғызды. Талапты жастардың қаламы ұшталған соң оларды университетіміздің фирмалық стилінің үлгілерін жасауға талпындырды. Уақыт өте дизайнерлік жұмыстардың саны да, сапасы да арта бастады, сөйтіп, ізденіс нәтижелерін көпшілік назарына ұсыну қажеттігі туындады. Демек, университеттің сый бұйымдарына-киімге және ыдысқа, қалам-қарындашқа салынатын нақыштардың, күнтізбе үлгілерінің көрмесін ұйымдастыру керек! «Жазған құлда шаршау жоқ» дегендей, сол

кездегі проректор Қалжеков мырзаның көмегімен шеберханада плакаттар мен стендтер орналастырылатын отыз шақты құрылғы жасатып, оларды Бейсекең екеуіміз тасығанымызды әлі ұмытқан жоқпын. Сөйтіп, көрме де өтті, оған оқу ордамыздың басшылары қатысып, шара жөніндегі ақпар «Қазақ университеті» газетінде жарық көрді.

Көрші Ресейдегі дизайн өнері әлемдік деңгейде дамып келе жатқаны белгілі. Білікті мамандармен жүзбе-жүз тілдесіп, тәжірибе алмасу үшін демеушілер көмегімен Бейсекеңді жанына Тілек деген талапты шәкіртін қосып, Мәскеудің Иван Федоров атындағы Мемлекеттік полиграфия университетіне тағылымдамаға жібердік. Солтүстік көрші астанасынан бума-бума оқулық пен эскиздер арқалап, шығармашыл көңіл-күймен келген жаңашыл ұстаз сүйікті ісіне білек сыбана құлшыныспен кірісті.

Дәрісханаларды жабдықтауға және көрме өткізуге төгілген тер мен еткен еңбектің жемісін оқу бағдарламаларын халықаралық FIBAA аттестациясынан өткізу барысында көрдік. Әуелгіде уәжге бой ұрмай отырған комиссия студияларға бас сұққан соң «жібіп» сала берді. Профессорлар Тибор Климент, Эрхард Рокхол, Оливер

ашылуына зор еңбек сіңіргенін де атап өткім келеді.

Кафедра даярлайтын «баспа ісі» және «дизайн» мамандықтары өнер саласына жататындықтан, оны баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасы деп атау заман талабынан туындаған-тын. Сөйтіп, екі мамандық бойынша да шығармашылық қабылдау емтихандарын енгізуге мүмкіндік туды. Бұл ретте де Бейсекең өзіне тән белсенділігінен танған жоқ. Сондай-ақ әріптесімнің шынайы көмегін еліміздің тұңғыш баспасөз хатшысы, қоғам қайраткері Ербол Шаймерденұлына аудитория арнау және оны жабдықтау барысында сезінгенім рас.

Ұлы Абай өз оқырмандарына «Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?» деп сауал тастаған екен. Айтқандайын, Бейсекең жөнінде еліміздің белгілі сөз зергерлерінің қалам тербегендері, атынан ат үркетін Жанболат Аулбаев, Талаптан Ахметжан, Ақкөл Отарбаев сынды журналистер етектей-етектей мақала арнағандары тілге тиек етуге тұрарлық болғанымен, оқырмандарымызға Бейсенбек Фуатұлының өмір жолы жайлы қысқаша дерек пен дәйек бере кеткенді жөн көріп отырмын. Семей облысының Аягөз ауданына қарасты Таңсық ауылында өмірге келген ол 1979 жылы Алматы көркем-сурет училищесін, 1984 жылы Алматы мемлекеттік театр және көркем-сурет институтын «суретші-

Мол білімі мен толымды тәжірибесін болашақ өнер иелері-безендірушілерді тәрбиелеп, машықтандыруға арнап келе жатқан дизайн білгірі Бейсенбек Серікбайдың жеткен жетістіктері бір түйеге жүк болғанымен, оның алар асуы әлі алда екендігіне ден қоямыз.

Ханн таңданыстарын жасырмады. Германиялық ғалымдарды шығарып салған кешкі қонақасы барысында әлемдік дизайн майталмандары Бейсекеңнің арқасынан қағып, алғысын білдірді. Дизайн майталмандары дегеннен шығады, кафедра жұмысымен танысу барысында олар «дүние жүзінде дизайнды университеттерде екі немесе ары кеткенде үш жыл оқытады, сіздер оны неге бақандай бес жылға сағыздай созғансындар?» деп айран-асыр қалған-ды. Расында да, грант аз бөлінетін мамандықта тәлімгерлердің осыншама уақыт ақылы оқуы еш қисынға сыймайтын.

Содан жарғақ құлағымыз жастыққа тимей, Сәулет-құрылыс академиясы мен Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының табалдырығын тоздырып, оқу бағдарламасын төрт жыл ауқымына сыйғызу жолдарын қарастырдық. Қазіргі министр, ол кездегі басшының орынбасары Асхат Аймағамбетов мырза университет ұжымымен кездескенде дизайн мамандығы бойынша қолданбалы бакалавриат ашуды ұсынған болатынбыз. Сөйтіп, көптеп-көмектеп, бүгінде университетімізде дизайн мамандығының төрт жыл оқытылуына қол жеткізілді. Сондай-ақ Бейсенбек Фуатұлы 2018 жылы білікті маман Жазира Батырханова екеуі дизайн мамандығы бойынша магистратура бөлімінің

дизайнер» мамандығы бойынша бітіреді. Көптеген дүниежүзілік, халықаралық, республикалық кітап көрмелеріне қатысып, жүлдегер атанады. Қазақстан Республикасы мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің республикалық «Кітап – рухани азық» көрмесін өткізу жөніндегі комиссиясының шешімімен «2004 жылдың үздік көркемдеуші редакторы» болады. Қазақстан Дизайнерлер одағының, Қазақстандағы графика саласы суретшілері ассоциациясының мүшесі. Алғашқы Дүниежүзі қазақтары құрылтайы таңбасының-логотипінің авторы. «Баспа және полиграфия ісінің қайраткері» атағын, Алматы қаласы әкімінің «Мақтау грамотасын» иеленген.

Мол білімі мен толымды тәжірибесін болашақ өнер иелері-безендірушілерді тәрбиелеп, машықтандыруға арнап келе жатқан дизайн білгірі Бейсенбек Серікбайдың жеткен жетістіктері бір түйеге жүк болғанымен, оның алар асуы әлі алда екендігіне ден қоямыз. Әріптестің, ағайынның базынасы кемелдік пен толысу тоғысынан табылатыны сөзсіз. Жігіт ағасы жасына алқынбай жеткен бауырымызға биіктерден көрінуді тілей отырып, «іске сәт!» дейміз.

Жетпісбай БЕКБОЛАТҰЛЫ



В Центре Аль-Фараби КазНУ 18 февраля пройдет круглый стол «Аль-Фараби-Абай: проблемы духовной преемственности»

Студенты факультета химии и химической технологии побывали на заводе по производству питьевой воды, чтобы узнать, как получают качественную бутилированную воду.

КАК ПРОИЗВОДЯТ ПИТЬЕВУЮ ВОДУ?



на современном автоматизированном оборудовании, этап закупорки бутылей фирменными колпачками и упаковки бутылей.

Студенты с очень большим интересом изучали весь процесс, задавали каверзные вопросы, на которые получали исчерпывающие ответы специалистов завода. Оказывается, бутылки завода можно использовать несколько раз для заполнения водой. Особое внимание привлекла химическая лаборатория, где специалисты проводят контрольные определения отдельных показателей очищаемой воды в установленное время суток. Студенты высказали восхищение по поводу идеальной чистоты и порядка не только на территории завода, но

и в цехах. Их очень удивило, что в коридоре цехов очистки, розлива и бутилирования звучала классическая музыка Баха, Шопена. В завершение экскурсии каждый участник получил сувенир: фирменные бутылочки питьевой воды, календарь, ростомер, наклейки, авторучку и блокнот.

Данная экскурсия носила не только познавательный, но и практический характер. Будущие специалисты теперь подкованы в вопросах качества питьевой воды, они всегда смогут сделать правильный выбор в пользу лучших производителей.

**С. РОМАНОВА,
Р. РЫСКАЛИЕВА,**

преподаватели факультета химии и химической технологии

ҒАЛЫММЕН КЕЗДЕСУ

«Айналаңды нұрландыр» жобасы аясында Шығыстану факультеті ТҮРКСОЙ кафедрасының ұйымдастыруымен М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері ф.ғ.д. Гүлжахан Жұмабердіқызы Ордамен кездесу өтті.

Кештің мақсаты студенттерге қазақ ғылымына аяңбай еңбек етіп, өз үлесін қосып жүрген ғалым Гүлжахан Жұмабердіқызы Орданың шығармашылығымен жақыннан танысу және ғылымға, ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуге бағыттау болып табылады.

Кеш барысында ғалымның өмірі және шығармашылы туралы слайд көрсетіліп, баяндама оқылды. Сөз алған Гүлжахан Жұмабердіқызы басынан кешкен қиыншылықтары мен жетістіктеріне тоқтала отырып, желтоқсан оқиғасына қатысқаны туралы да әңгімеледі. Ғалым студенттерге «Сіздер бақытты жастарсыздар! Тәуелсіз елдің, бейбіт күннің ұрпақтарысыздар! Өз еліңізде өз тіліңізде өз ойыңызды ашық жеткізе аласыздар! Мұнан асқан бақыт бар ма!» дей келе, білімді, ақылды, озық ойлы жастар қатарынан табылуларына тілектестік білдірді.

Шығыстану факультеті ТҮРКСОЙ кафедрасының 3-4 курс студенттері желтоқсан және тәуелсіздік тақырыптарында өлеңдер оқыды және ғалым апайларына сұрақтар қойып, пікір алысты.

А. НАЗАРОВА, Г. ТЕМЕНОВА,
Түрксой кафедрасы

В АВАНГАРДЕ ВОЛОНТЕРСКОГО ДВИЖЕНИЯ

10 декабря 2019 года Президент Республики Казахстан К.Токаев дал старт Году волонтера в стране. В своем выступлении он определил приоритетные направления деятельности волонтерского движения, обратил внимание на необходимость расширить его в области оказания юридических услуг для социально уязвимых слоев населения.



своих студентов, наработку у них профессионального опыта посредством оказания помощи населению.

Желание студентов быть полезными обществу и их формирование как социально ответственных граждан находит свое воплощение через широкое волонтерское движение и направлено на реализацию концепции «Слышащего государства», о которой говорил Президент Касым-Жомарт Токаев в Послании народу Казахстана.

Эта инициатива поддержана Казахским национальным университетом имени аль-Фараби. Челлендж «Қайырымды қоғам» направлен на формирование культуры добропорядочности и привитие доброго и позитивного мышления, распространения идеи мирного социального бытия,

меценатства и взаимной поддержки во всех сферах жизнедеятельности.

В рамках проекта «Қайырымды қоғам» продолжает свою деятельность Юридическая клиника КазНУ. За годы своего существования и работы она показала хорошие результаты и востребованность среди населения.

Объединяя усилия студентов, преподавателей и практикующих юристов, клиника КазНУ была первой в Казахстане и долгие годы продвигала идею профессиональной правовой помощи. Она стала инициатором и основным генератором бесплатного консультирования, юридического сопровождения, защиты прав и законных интересов граждан, оказавшихся в тяжелой жизненной ситуации.

Это было волеизъявлением самих студентов, которое получило полную поддержку преподавателей и руководства университета. Инициатива была поддержана и нашла продолжение через создание целой сети студенческих юридических клиник по всей стране. Сегодня на базе 20 студенческих юридических клиник в регионах страны реализуется проект «Акселератор Добра: Izgilik elshisy».

Наша главная цель – продвижение идеи социального волонтерства, защита прав граждан. Клиника является участником негосударственной системы бесплатной юридической помощи. Студенты и преподаватели КазНУ оказывают юридическую поддержку различным категориям граждан, обучающимся и сотрудникам университета по различным вопросам.

Внимание! За юридической помощью вы можете обратиться по адресу: КазНУ им. аль-фараби, юридический факультет (ГУК-3, аудитории №303 и 330).

Д. БАЙДЕЛЬДИНОВ,
профессор, декан юридического факультета КазНУ,
А. ЖАТКАНБАЕВА,
профессор КазНУ,
директор юридической клиники

26 ақпанда журналистика факультетінде білікті ұстаз, профессор Ә. Ыдырысовтың 90 жылдығына орай ғылыми тәжірибелік конференция өтеді

Сегодня на Кафедре издательского дела и дизайна КазНУ им. аль-Фараби учится будущий дизайнер, уроженка г. Харбин, хрупкая Минчжэ Су из КНР. Она рисует портрет Аль-Фараби и одновременно познает глубину его уникальных открытий.

СТУДЕНТКА ИЗ КИТАЯ РИСУЕТ АЛЬ-ФАРАБИ



художников Сахи побывал на раскопках Отрара, где прошли юные годы великого ученого, и реализовал идею создать его образ. Впоследствии были еще попытки составить портрет Фараби. Современный бренд – стилизованный портрет Аль-Фараби, – стал достоянием граждан суверенного Казахстана в 1991 году. Многие помнят тот образ на первых номиналах национальной валюты – тенге. Это был великолепный маркетинговый ход, с одной стороны, с другой – проявление уважения к великой культуре Степи. Так Аль-Фараби возвращался к истокам, благодаря мастерству современных дизайнеров и прорыву Казахстана в эпоху независимого развития.

Великий Учитель вдохновляет художников на раскрытие неизведанного и осмысление пройденного, и это прекрасно. Идею организовать международный конкурс среди студентов и магистрантов специальности «Дизайн» на лучший художественный портрет аль-Фараби кафедра обсуждает с турецкими коллегами из университета Мармара.

Г. МУКАНОВА,
Профессор кафедры издательского дела и дизайна

миниатюрами. На этих миниатюрах изображены достаточные молодые люди с книгами в руках, среди них очевидно находится и Аль-Фараби.

На Родине Мыслителя, обогатившего мировое знание трактатами о теории музыки и музыкальных инструментах, астрономии и логике, социологии и политологии, выражаясь современной научной терминологией, изображения уроженца Отрара претерпели в известной мере, эволюцию.


Мало кому известно, что немаловажную роль в возвращении наследия Учителя (и

его портрета) в Великую Степь сыграли литературный авторитет и дружеские контакты Мухтара Ауэзова. Так, в период декады казахского искусства и литературы 1958 года в Москве Ауэзов сумел увлечь молодого казахского художника Сахи Романова идеей написания художественного портрета Аль-Фараби. Десять лет спустя, к сожалению, к тому времени самого Ауэзова не стало, с огромным внутренним трепетом С.Романов создал портрет «Аристотеля Востока» – Аль-Фараби.

Более того в 1968-м году с группой

ҚазҰУ кітапханасында сирек кітаптар мен қолжазбалар мен құнды басылымдар қорында араб графикасымен жазылған 362 қолжазба бар. Қолжазбалардың 180-і араб, 100-і парсы және 82-і шағатай тілінде жазылған.

ҚҰНДЫ ЖӘДІГЕР



зерттеу тақырыптары ретінде қолдана алады.

ҚазҰУ кітапханасы сирек қолжазбалар қорында Шағатай тілінде ең көп кездесетін Шағатай әдебиетінің сопылық ақыны Шах Машрабтың бірнеше қолжазба кітабы бар. Машраб – Шағатай әдебиетінің соңғы кезеңінің ақыны және өлеңдерін шағатай тілінде жазған. Сонымен қатар араб, парсы тілдерінде жазған өлеңдері де бар. Оның поэзиясының негізгі тақырыбы – махаббат. Құдайдың махаббаты да, адам махаббаты да оның поэзиясының ажырамас бөлшегі болған.

Шах Машрабтың қолжазба кітаптары ҚазҰУ Кітапханасы сирек қолжазбалар қорында №4, 18, 27, 28, 36 нөмірлерімен тіркелген.

Шадқам ЗУБАЙДА,
жазба жәдігер және рухани мұра ғылыми-зерттеу орталығының директоры, доцент;
Таңшолпан ЕСІРКЕП,
Түрксой кафедрасының оқытушысы, ғылыми қызметкер

Қазіргі таңда ҚазҰУ шығыстану факультетіндегі, жазба жәдігер және рухани мұра ғылыми-зерттеу орталығы осы қолжазбалармен жұмыс істеуде. Орталық осы қолжазбалардың транскриптерін, аудармасын жасауда. Сонымен қоса түрксой кафедрасының магистрант және докторант студенттері Шағатай тілінде жазылған қолжазбаларды диссертациялық жұмыс ретінде зерттеуде. Осылайша жазба жәдігер және рухани мұра ғылыми-зерттеу орталығы осы қолжазба кітаптарды ғылыми айналымға салуды көздеп отыр. Және де тарихшылар мен филологтар осы қолжазбаларды ғылыми

ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ

ҚазҰУ-дың биология және биотехнология факультетінің №7 студенттер үйінде молекулалық биология және генетика кафедрасының ұйымдастыруымен «Құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында құқықтық сауаттылықты арттыруға, студент жастарды құқықтық тәрбиелеуге және тәртіп бұзушылық пен қылмыстан сақтандыруға арналған кездесу өтті.

Кештің мақсаты – құқықтық тәрбиенің өмірлік қажеттілігін түсіндіру, студент жастардың рухани – адамгершілік қалыптасуына көңіл бөле отырып, құқықтық тәрбие беру. Осы мақсатта аталған кешке Алматы қаласы, Бостандық аудандық ішкі істер қызметі №52 полиция пунктіннің капитаны Ермек Абеу арнайы шақыртылды. Капитан Е. Абеу студенттермен ашық сұқбат құрып, қазіргі таңдағы қоғамда тәртіп сақтау туралы жалпы ережелерге тоқталып, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің жұмысы туралы айтып өтті.

Қоғамдағы ең басты мәселе – Қазақстан Республикасындағы әрбір азаматтың мемлекет тарапынан құқығын қорғау

және сақтау заң қызметкерлерінің абыройлы қызметі болып саналатынын айтты. Сондықтан да қандай да бір құқық бұзушылық орын алған жағдайда еш күмәнсіз, қорықпастан ішкі істер қызметкерлерінің көмегіне уақытылы жүгіне алатындықтарын студент жастарға жеткізді. Сонымен бірге қазіргі кездегі қоғамдағы орын алып жүрген бірқатар құқық бұзушылықтың себеп-салдары, оның алдын - алу жөніндегі жүргізіліп жатқан шаралар жайында сөз қозғап, студенттермен ақпарат алмасты.

Ж. ЖУНУСБАЕВА,
Ә. ЖІГІТБЕКОВА



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

Бас редактор: Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ
Тілшілер: Айнұр АҚЫНБАЕВА,
Светлана ӨМІРҒАЛИЕВА
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағыла ШУРИЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver2016gazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында басылды.

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана
Тапсырыс: №213

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.